

## Әлеуметтік жұмыс орындарын үйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу қағидасын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 мамырдағы N 245 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 2 маусымда N 14-13-56 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 3 қарашадағы N 463 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2011.11.03 N 463 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына және 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1 бабының 4 тармағына сәйкес аудан әкімдігі  
**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса тіркелген әлеуметтік жұмыс орындарын үйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу қағидасы бекітілсін.

2. "Әлеуметтік жұмыс орындарын үйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу қағидасын бекіту туралы" Төлеби аудан әкімдігінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 103 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-13-13 нөмірімен тіркелген, 2006 жылғы 11 мамырда "Ленгір жаңалықтары" газетінде ресми жарияланған) қаулының күші жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Тлеубердиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Көшербай*

Төлеби аудан әкімдігінің  
2009 жылғы 21 мамырда N 245  
қаулысымен бекітілген

**Әлеуметтік жұмыс орындарын үйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу қағидасы**

## **1. Жалпы қағидалар.**

1. Бұл Қағида Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес әзірленген және нысаналы топқа жататын жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу қағидасын белгілейді.

2. Осы қағидаға мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік жұмыс орны – жұмыс беруші нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жергілікті атқарушы органмен (оның уәкілетті органымен) шарттық негізді құратын, жұмыс берушінің олардың еңбегіне ақы төлеу шығындары ішінәра өтелетін жұмыс орны;

2) жұмысқа орналастыру- халықтың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс - шаралар

кешени;

3) нысаналы топтар – жұмысқа орналасуда қыындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдар ретінде белгіленген адамдар топтары;

4) Жұмыс беруші – қызметкермен еңбек қатынастарында тұратын жеке немесе

занды

тұлға;

5) Уәкілетті орган – жергілікті атқарушы органдардың аудан деңгейінде халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу үшін және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімше (бұдан әрі - уәкілетті орган).

3. Жұмыс ізден жүрген, бірақ жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (әрі қарай - уәкілетті орган) жұмыссыз деп танымаған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға осы Қағида қолданылмайды.

4. Әлеуметтік жұмыс орында жұмыс істейтіндердің еңбек және басқа қатынастары Қазақстан Республикасының Зандарымен реттеледі.

## **2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру.**

5. Жұмыс беруші, нысаналы топтағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін уәкілетті органмен шарттық негізде жұмыс орындарының саны шектелмейтін және уақытша сипаттағы әлеуметтік жұмыс орындарын құрады. Оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен лауазымдар пайдаланылады.

6. Әлеуметтік жұмыс орындарын құрмақшы болуға тілек білдірген жұмыс беруші, уәкілетті органға құрылатын әлеуметтік жұмыс орындарының саны еркін нысанды өтініш береді және оған мына құжаттарды қоса тапсырады:

1) кәсіпорынның, мекеменің жарғысының көшірмесі;

2) кәсіпорынның, мекеменің мемлекеттік тіркеу күелігінің көшірмесі.

7. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктең, тізімін жасауды уәкілетті орган төмендегі сипаттар негізінде жүзеге асырады:

1 ) қаржы ахуалы;

2) материалдық базасының барлығы және техникалық жарактандыруы.

8. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілердің тізімін уәкілетті орган жасайды және екі жақты "Уәкілетті орган – Жұмыс беруші" келісім-шартқа тұрады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2010.06.14 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қаралызы)** Қаулысымен.

9. Шартта тараптардың міндеттері, жұмыстың түрлері, көлемі, еңбек ақы төлеу мөлшері мен шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың мерзімі мен көздері қамтылуға тиіс.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2010.06.14 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қаралызы)** Қаулысымен.

10. Әлеуметтік жұмыс орнына орналасқан нысаналы топтардағы жұмыссыздың жұмыс істеу мерзімі алты айға дейін болуы мүмкін. Еңбек шартының ұзақтығы алты айдан асқан жағдайда, жұмыс беруші бұл қызметкерді тұрақты жұмысқа орналастыру мүмкіншілігін қарастырылады.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2010.06.14 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

### **3. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орнына жіберу.**

11. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберуді шарттық негізде, жұмыссыздың келісімімен уәкілетті орган жүзеге асырады.

12. Жұмыс беруші жұмыссызды жұмысқа қабылдағаны туралы бүйрықтың көшірмесін үш күн мерзімде уәкілетті органға береді.

13. Әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздар, өз бетінше себепсізден жұмысты тоқтатқан жағдайда, жұмыссыз ретінде қайтадан тіркелген күннен үш ай өткеннен кейін әлеуметтік жұмыс орнына жаңадан жіберілуі мүмкін.

**4. Ескерту. 4-тарау алынып тасталды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2010.06.14 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

## **5. Есеп беру**

20. Жұмыс беруші бос жұмыс орындарына (бос қызметтер) пайда болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде олар туралы уәкілетті органға мәлімет жібереді.

21. Жұмыс беруші уәкілетті орган берген жолдамаға тиісті белгі қою арқылы жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту себебін көрсете отырып, ол туралы дер кезінде (уәкілетті орган оған азаматтарды жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде) хабарлауға тиіс (бұйрықтың көшірмесін қоса береді).

22. Ауданның жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген жұмыссыздардың жұмыспен қамтылуына турақты мониторинг жүргізеді және олардың жұмыспен қамтылуы туралы Оңтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына тоқсан сайын ақпарат береді.